| ZhTAPOA 3214 Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі | Жалпы техникалық және арнайы циклдар пәндері бойынша оқу сабақтарын жобалау әдістемесіне, педагогикалық жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптарға қатысты негізгі мәселелерді зерттейді. Қазіргі кәсіптік білім беру салаларындағы | ON 10 |

| | | |
|--|--|-------------------------------|
| | оқытудың мазмұны мен әдістері, инженер-педагогтың кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері қарастырылады. Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқыту технологиясының теориялық негіздері игерілді. | |
| KG 3215 Компьютерлік графика | Компьютерлік бағдарламалар саласындағы білімдер қарастырылады. Модель, моделдеу, модель түрлері, автофигура, презентация, ою-өрнек туралы түсініктері қалыптасады. Алуан түрлі бағдарламалық қамтамасыз етудің және сала бойынша олардың мүмкіндіктерін талдау. Қазақ ұлттық ою-өрнегінің элементтерін қолдана отырып компьютерде тігін бұйымдарының үлгілерін жобалайды, жасайды. Тігін бұйымдарын жасау кезінде қолданылатын сызба-графикалық символдарды, техникалық қондырғыларды қолданады. | ON 9 ON 10 |
| KOA 3209 Көркем еңбек оқыту әдістемесі | Көркем еңбекке оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздері туралы мәселелерді қарастырады. Педагогикалық еңбектің тиімді ұйымдастыру кезеңдерін зерттейді. Оқытудың тиімді формаларын, әдістері мен құралдарын анықтау және қолдану жолдарын, сондай-ақ студенттердің болашақ педагогикалық қызметке әдістемелік дайындығының негізін ашып көрсетеді. | ON 10 |
| MTN 1217 Машинатанудың теориялық негіздері | Машина бөлшектері мен материалдарының статикасы, кинематикасы, динамикасы, кедергісінің негізгі түсініктерін біледі. Жүйенің тепе-теңдік шарттары мен теңдеуін сипаттай біледі. Тіректердің реакциясын, нүктеге қатысты күш моментін, жылдамдығын және үдеуді анықтай біледі. Машиналар мен машина агрегаттарының қозғалысын автоматты басқарды және реттеуді үйретеді. Заманауи бағдарламалық механизмдерінің жиынтығы бойынша міндеттерді шешу тәсілдерін қолданады, зерттейді. | ON 4 ON 9 |
| SBMA1217 Сала бойынша машиналар мен аппараттар | Технологиялық машиналар және жабдықтар саласындағы мамандарды жоғары сапалы дайындықпен қамтамасыз ету; жаңа буынды рухани адамгершілікке тәрбиелеу; білім, ғылым және өндірісті ұштастыру. Агроөнеркәсіп кешені мен әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие, технология және технологиялық машиналар саласында білім алуға жағдай жасау, | ON 10 ON 12 |
| ККАТ 1217 Кәсіби қызметтегі ақпараттық технологиялар | Кәсіби қызметтегі заманауи ақпараттық технологиялар бойынша негізгі базалық түсініктемелер, сонымен қатар кәсіби қызметте графикалық ақпаратты өңдеу бағдарламасын (CorelDraw); ақпаратты көшіру және айыру бағдарламасын (FineReader) меңгертеді. | ON 4 ON 7 ON 9 ON 10 |
| ОТК 1218 Оқытудың техникалық құралдары | Өндірістегі ғылыми-техникалық шығармашылық, ғылыми-техникалық шығармашылықтағы жастардың қатынасу формалары, негізгі бағыттары және ерекшеліктері туралы қарастырылады. Жаңа оқыту технологиясы өз алдына білім беру үлгісін оңтайландыру, бір жүйеге келтіруде, техникалық және адам ресурстарын есепке ала отырып оқытудың жалпы процесін құрудағы, қолданудағы және анықтаудағы жүйелік әдіс ретінде қарастырылады. | ON 5 ON 10 |
| SM 1218 Салалық материалтану | Тоқыма өнеркәсібіндегі ғылыми-техникалық проблемалары ашылады, тоқыма станоктарында маталарды алудың инновациялық тәсілдері қарастырылады. Тоқыма материалдарының қасиеттерін білу және оларды тоқыма материалдарынан жасалған бұйымдарды дайындау кезінде есепке алады. Тоқыма материалдарының құрылысы мен | ON 11 ON 12 |

| | | |
|--|--|------------------------------|
| | қасиеттерін анықтау, зерттеу дағдыларын меңгереді. | |
| ВВМКК 1218 Білім беру мекемелеріндегі кәсіпкерлік қызмет | Көркем еңбекке білім беру жүйесінде кәсіпкерлікті ұйымдастыруды қарастырады. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін, қазіргі заманғы жастардың кәсіпкерлік белсенділігін дамытуға перспективалық көзқарастарын танытуды ашып көрсетеді. Оқытудағы кәсіпкерлік белсенділік әлеуметтік дамудың қазіргі кезеңінде оқу мен жұмыс істеудің оң мотивациясын дамытуға бағытталған құнды бағдарлау парадигмасы тұрғысынан қарастырылады. | ON 2 ON 8 ON 12 |
| ММ 2219 Мәдени маркетинг | Мәдени қызметтер маркетингінің жүйе құрушы құраушылары және олардың маркетинг қызметінің жалпы жүйесіндегі орны. Тұтынушылардың мәдени қызметке сұранысын анықтауда қолданылатын әдістер. «Мәдени маркетинг» ұғымы және оның құраушылары. Мәдени - қызметтер нарығы және оның тұтынушылары. Мәдени қызметтер нарығындағы сегментация | ON 2 ON 6 ON 7 ON 8 |
| ККВ 2219 Кәсіби компьютерлік бағдарламалар | Компьютерлік графиканың теориялық негіздері, компьютерлік графиканың түрлері, дизайнер-беттеушілерге арналған жұмыс орынының жабдықтары, түс бөлу және басылым алдындағы дайындықтың технологиялық негіздері, ең танымал графикалық редакторлар, сондай-ақ декоративті композициялардың, тұстанудың, кітаптар мен іскерлік графикасының, қаріптер мен беттеудің негіздері қарастырылады. | ON 9 ON 10 |
| KON 2219 Кәсіпкерлік және өндіріс негіздері | Кәсіпкерлік және өндіріс негіздері курсы нарықтық экономика жағдайында кәсіпкердің іс-әрекеттері, кәсіпкерлік істің түрлері, ұйымдастыру әдістері, тактикасы, стратегиясы, кәсіпкерлік бәсекелестік, тәуекел, бизнес жоспардың құрылымын түсіндіреді. Қоғам дамуына қажет материалдық игіліктер мен қызметтер жасау мақсатпен табиғат заттарына адамның ықпал ету процесі, экономикалық дамудыңдағы техниканың ғана емес сонымен қатар басқа да өндіріс факторларының тиімділігін жоғарылату әдістері қарастырылады. | ON 2 ON 8 ON 12 |
| AS 2220 Арнайы сурет | Дизайнерлік міндеттерді шешуге концептуалды, шығармашылық тәсілге негізделген жобалық идеяны әзірлеу мәселелерін ашып көрсетеді; бұйым эскиздерін орындау іскерліктері мен дағдыларын меңгереді; әрі қарай жобалау-көркемдік қызметті жүргізу үшін жобасын құрып, оқу материалын игеру кезінде академиялық сурет бойынша алынған білімді қолданады. | ON 11 |
| ASOOK 2220 Арнайы сурет пәнін оқытудың әдістемесі | Студенттерді болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың «Арнайы сурет пәнін оқытудың әдістемесі» пәні арқылы әдістемелік негізін қалау, жалпы білім беретін мектептерде оқушы жастармен бастауыш, кәсіптік білім мен еңбек технологиясының мектептің типтік оқу бағдарламаларының тарауларына сәйкес жемісті жұмыстар жүргізуіне мектеп оқушыларын республикадағы жаңаша әлеуметтік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалыптастыру. | ON 11 |
| TG 2220 Түсті графика | Графикалық техникалардың эволюциясы, түрлі-түсті графиканың тарихи қалыптасқан стильдері туралы түсініктерді қалыптастырады. Көркемдік мәдениет пен дизайндағы негізгі мәнерлі құралдардың бірі ретінде түстің мәнін анықтайды. Түсте орындалған графикалық жұмыстардың мәнерлі қасиеттерін талдау дағдыларын дамытады. Студенттерге түрлі-түсті графиканың негізгі материалдары туралы (түсті қарындаштар, пастель, акварель және т.б.) базалық білім береді. | ON 11 |
| SKO 3221 Сәндік қолданбалы өнер | Сәндік-қолданбалы шығармашылықтың мәні көркем мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Сәндік-қолданбалы өнердің даму тарихын, заманауи сәндік- | ON 11 |

| | | |
|---|--|-------------------------|
| | қолданбалы өнердің сабақтастығын, оның халық өкілдерімен тығыз байланысын ашады. СҚӨ бұйымдарын жасайды, сәндік композициясының негізгі композициялық сұлбалары мен заңдылықтарын зерттейді. | |
| ККН 3221 Қазақ колөнер негіздері | Халық шеберлерінің туындылары мен көркем шығарманың өзіндік ерекшеліктерімен таныса алады. Көркем бейненің құрылым заңдылықтары, туындау және қабылдау үрдістерін жаңаша қарау мүмкіндіктерін саралауды меңгереді. Ұлттық өнер жүйесінің заманмен үйлесу байланысын ажырата алады. Ұлттық колөнер бұйымдарын жасауды үйренеді. | ON 11 |
| ЕКОК 3221 Еңбекті және қоршаған органы қорғау | Кәсіпорын жұмыскерлерінің қолайлы еңбек жағдайларын қалыптастыру және олардың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету, сонымен бірге, жарақаттану немесе сырқаттану көрсеткіштерін төмен деңгейге жеткізу бағытындағы кешенді шараларды әзірлеп талдауға машықтандыру. Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік-құқықтық актілерімен таныстыру. Еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздіктің орын алуы ықтимал барлық мәселелерін талдап саралау. | ON 8 ON 10 |
| ООК 3222 Ою-өрнек композициясы | Қазақстанның үлкен сән сахнасында көркем мәдениетінің даму ерекшелігін ұлттық ою-өрнек арқылы дамытуды қарастырады, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруді және ою-өрнек композициясын сауатты қалыптастыруға машықтандырады. Ою-өрнек арқылы қиялды дамытады, графикалық көшірмелері орындау мен ойдан ою-өрнек құрастыруға дағдыландырады. Дизайнерлердің кәсіби іс-әрекетіне жағымды көзқарасын қалыптастырады және киімде сәндік элементтерді қолдана білуге үйретеді. | ON 11 ON 14 |
| АКО 3222 Ағашты көркем ою | Ағашты көркемдеп оюдың дәстүрлі және заманауи әдіс - тәсілдерін, технологиясын меңгертеді. Ағаш оюдың ағашқа кез-келген геометриялық пішінді ырғақпен өрнектей салуға ғана емес, өрнек үлгілерін композициялық тұрғыдан шығармашылық жүйелеу өзінше бір үлкен өнер екенін түсіндіреді. Еркін ойлап, нақты үлгілерді көшірумен шектеліп қалмай, ағаш ою кезінде өз қолтаңбасын батыл қалыптастыруға машықтандырады. | ON 11 ON 14 |
| ВДТР 3222 Бұйымдарды дайындаудың технологиялық процестері | Пәннің мақсаты болашақ мамандарды қазіргі замандағы өндіріс саласы және өндіріс саласының технологиялары туралы, өндіріс саласында атқаратын адам еңбектері, өндіріс саласының негізгі шикізат өнімдерін дайындаудың технологиясымен таныс етіледі. | ON 11 ON 12 |
| ВОТТ 3223 Бейнелеу өнері тарихы және теориясы | Әр түрлі өнер түрлерінің көркем тілінің ерекшелігін, олардың өзара байланысы мен өзара шарттылығын, бейнелеу өнері дамуының заңдылықтары мен негізгі тарихи кезеңдерін зерттейді. Сәулет, графика, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер, әдебиет және сол сияқты т.б. тарихи қалыптасқан өнер түрлерін қарастырады. Пластикалық өнер жанрларының барлық алуан түрлерін сезінуге және қабылдауға қабілетті болады. | ON 1 ON 3 ON 12 |
| ВОАВКZhB 3223 Бейнелеу өнерінің арнайы бөлмелерін көрнекілік жабдықтармен безендіру | Бұл пәннің негізі-әр-түрлі жанрдағы сурет түрлерін терең танып-біліп, бейнелеу өнері түрлері мен жанрларын талқылап, әр жанырда, бейнелеу өнерінің түрлері бойынша шығармашылық жұмыс жасап композициялық-кеңістікті ойлау дағдысына тәрбиелеу, тәсілдері мен заңдылықтарын үйрену, терминдік сөздермен жұмыс жасау. | ON 10 ON 11 ON 12 |
| ОКZh 3223 Оқу кабинеттерін жабдықтау | Оқу кабинеттерінің белгілі талаптарға сәйкес жабдықтау әдістерін қарастырады. Кабинетті оқу-материалдық базасымен: көрсету, дидактикалық, тарату материалдары, пән бойынша әдебиеттер (аударма және түсіндірме сөздіктері), тақырыптар мен деңгейлері бойынша оқыту бағдарламаларымен қамтамасыз етуге машықтанады. | ON 10 ON 11 ON 12 |

| | | |
|--|--|-------------------------|
| ОРОА 3225 Өнер пәнін оқыту әдістемесі | Студенттерге сәндік қолданбалы өнерінің маңызы мен ерекшеліктері жөнінде жан-жақты білім беру, жастардың бойында ұлттық сана сезімді қалыптастыруға әсер ету, мәдени салт дәстүрлерді меңгеру, жалпы адамзаттың және рухани құндылықтар мен идеяларды игеруге баулу. | ON 1 ON 3 ON 12 |
| Ком 3225 Композиция | Дизайн және өнердегі формалар құрылымының жалпы ішкі заңдылықтары туралы білімдерін қалыптастырады. Композицияның негізгі заңдары мен ережелерін, тәсілдері мен құралдарын, композицияның негізгі түрлерін – фронтальды, көлемді, тереңдік-кеңістіктік, дизайндағы бастапқы ой мен оның іске асырылуының өзара байланысын түсіндіреді. Дизайн нысандарын қалыптау заңдылықтары мен принциптерін жұмыстарында сауатты қолдануға үйретеді. | ON 11 ON 14 |
| КТ 3225 Кескіндеме техникасы | Кескіндеме техникалары мен түрлерін, кескіндеме композициясындағы түстерді үйлестіру принциптерін зерттейді. Кеңістікті түсті-ырғақты ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерін қолдануға үйретеді, локальді түс, жарық-көлеңке және түстің жарық градиациялары, түс қатынастары, колорит, түс үйлесімі туралы түсініктер береді. Түс пен тон арқылы кеңістік пен көлемді модельдеуге үйретеді. Көркем-бейнелі ойлауды және шығармашылық қиялды дамытады. | ON 11 ON 14 |
| КЕРОАР 3226 Көркем еңбек пәнін оқыту әдістемесінің практикумы. | «Көркем еңбек пәнін оқыту әдістемесінің практикумы» пәнінің мақсаты мен міндеттері - мұғалімдерді дайындау ерекшеліктері, педагогикалық білім берудің мазмұнын жетілдіру, кәсіптік пәндерді оқыту формасымен, әдіс-тәсілдерімен, принциптерімен таныстыра отырып, олардың кәсіби шеберлігін арттыру мәселесі қарастырылады. | ON 12 ON 13 ON 14 |
| КЕТТР 3226 Көркем еңбек технологиясының теориясы мен практикасы | «Көркем еңбек технологиясының теориясы мен практикасы» пәнінде еңбекке баулудың бір бөлігі ретінде саналатын техникалық еңбек түрі қарастырылады. Оқушыларының көбінесе қағаздан немесе картоннан және өсе келе маталармен жұмыс істеулеріне байланысты мәселелер, қағаздан түрлі бұйымдар жасау және жапсырмалау жұмысын атқаруда қағаз бен картонмен жұмыс істеу технологиясымен таныстырады. | ON 11 ON 12 ON 14 |
| КЕРМPSH 3226 Көркем еңбек пәні мұғалімінің педагогикалық шеберлігі | Педагогикалық шеберліктің тәрбиедегі мәнін, педагогикалық техникасын, педагогикалық шеберлік элементтерін зерделеу арқылы түсінеді. Мұғалімнің іс-әрекет шеңберіндегі рөлін, педагогикалық қарым-қатынас шеберлігін, мұғалімнің оқу-тәрбие процесін басқарудағы шеберлігін талдай алады. Педагогикалық білім беруде педагогикалық шеберлікпен ұштастыру арқылы іс – әрекетінде қолданады. | ON 9 ON 11 ON 14 |
| GUZhUA 4227 Графика үйірме жұмысын ұйымдастыру әдістемесі | Өз білімін жетілдірудің негізгі формасы – үйірме. Оқушылардың өзі қызығатын саласында практикалық жұмыспен айналысатын бірлестік. Егер үйірменің жұмысы қоғамдық пайдалы тапсырмаларды орындаумен, қоршап тұрған өмірмен, өндіріспен байланысты болса нәтижелі болады. | ON 12 ON 13 ON 14 |
| PR 4227 Перспектива | Суретте қозғалыс пен кеңістікті беру үшін қажетті перспективалар мен композицияны құру негіздерін үйретеді. Көрнекі мысалдар мен қадамдық нұсқауларда перспективаның негізгі ережелерін қарапайым және қол жетімді түрде зерттейді. Оларды әртүрлі композицияларда – панорамалық ландшафт пен қалалық көріністерден интерьерге, қарапайым заттар мен адамның фигурасына дейінгі пайдалану тәсілдерімен таныстырады. | ON 11 ON 14 |

| | | |
|--|---|------------------------|
| OKDZhZhOT 4227 Оқушыларды кәсіпке дайындау жүйесіндегі жаңа оқыту технологиялары | Пән бағдарламасының мазмұны жалпы білім беретін орта мектептерде өтілетін пәндерді оқытудың жаңа технологияларымен байланыстырып өтудің әдістемелік жолдарын оқытады. Білім алушыларды кәсіпке дайындау жүйесіндегі жаңа оқыту технологиялары, сонымен қатар, педагогикалық құрылым мен тәжірибеге қол жеткізу, бұрынғы тәжірибемен қоғамды гумандандыру мен демократияландыру пайда болған әдеттегі элементтерді үйлестіреді | ON 9 ON 10 ON 12 |
| KOZhPM 4228 Көркем еңбек жүйесіндегі педагогикалық менеджмент | Көркем еңбекке білім беру саласындағы педагогикалық менеджменттің құрылымы мен мазмұны, қағидалары, қызметі және әдістері мен басқару қызметін жүйелілік тұрғысы негізінде мағлұмат алады. Оқу орнының даму стратегиялық білім беру сапасын басқаруда, ақпараттық технологияларды қамтамасыз ету, тұлғааралық қатынастар менеджмент пен ақпараттық технологияларды байланыстыра алады. | ON 2 ON 8 ON 9 |
| MSMZh 4228 Мектептегі сапа менеджменті жүйесі | Мектептегі сапа менеджменті жүйесінің құрылымы мен мазмұны, қағидалары, қызметі және әдістері мен басқару қызметін жүйелілік тұрғысы негізінде мағлұмат алады. Оқу орнының даму стратегиялық білім беру сапасын басқаруда, ақпараттық технологияларды қамтамасыз ету, тұлғааралық қатынастар менеджмент пен ақпараттық технологияларды байланыстыра алады. | ON 2 ON 8 ON 9 |
| OBOU 4228 Оқушылардың бейіндік оқуын ұйымдастыру | Көркем еңбек мамандығы студенттеріне «Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру» пәні жаңадан енгізілген үлгі оқу бағдарламасы бойынша қазақстандық мектептердің 12 жылдық білім беру жағдайына көшуіне орай білім беру мазмұнын қайта жаңғыртуға байланысты оқу үдерісін ұйымдастырудың әдістері мен құралдарын жетілдіру мақсатында өтіледі. | ON 9 ON 11 ON 14 |
| MPA 3224 Мүсін және пластикалық анатомия | Бұл курсты оқыту барысында студенттер теориялық білімдерін әртүрлі мүсін түрлерін дайындауда қолдана білу және шығармашылық және кәсіби шеберліктерін арттыру. Классикалық модельді өсімдік өрнегінің бедері (барельеф). Антикалық мүсін (Венера) маскасы. Бір фигуралы композиция Сократ. | ON 7 ON 11 |
| AA 3224 Адам анатомиясы | Адам анатомиясы адам денесінің құрылымын зерттейтін ғылым болып табылады. Оның бір бөлігі, атап айтқанда кескіндеме пластикалық өнер қажеттіліктерін қанағаттандыратын және мүсін пластикалық анатомия деп аталады болып табылады. Ол демалыс, сондай-ақ қозғалыс кезінде оларды емдеу, дененің сыртқы пішінін зерттеп келеді. | ON 7 ON 11 |
| OTSh 3224 Оқушылардың техникалық шығармашылығы | «Оқушылардың техникалық шығармашылығы» пәнінің мақсаты мен міндеттері. Өндірістегі ғылыми-техникалық шығармашылық, ғылыми-техникалық шығармашылықтағы жастардың қатынасу формалары, негізгі бағыттары және ерекшеліктері туралы қарастырылады. | ON 9 ON 11 ON 13 |
| OKOU 3301 Оқушыларды кәсіптік оқытуға ұйымдастыру | Көркем еңбекке білім беру жүйесінде кәсіпкерлікті ұйымдастыруды қарастырады. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін, қазіргі заманғы жастардың кәсіпкерлік белсенділігін дамытуға перспективалық көзқарастарын танытуды ашып көрсетеді. Оқытудағы кәсіпкерлік белсенділік әлеуметтік дамудың қазіргі кезеңінде оқу мен жұмыс істеудің оң мотивациясын дамытуға бағытталған құнды бағдарлау парадигмасы тұрғысынан қарастырылады. | ON 9 ON 10 ON 12 |
| KOZT 3302 Кәсіптік оқытудағы заманауи технологиялар | Болашақ маман қазіргі таңдағы заманауи оқыту технологиясын өз алдына білім берудің үлгісі ретінде оқу процесін оңтайландыруда оң шешімін таба біледі. Көркем еңбекті | ON 9 |

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| | оқытудың заманауи технологияларын бір жүйеге келтіру мақсатын, техникалық және адам ресурстарын есепке ала отырып зертейді, оқытудың жалпы процесін құрудағы жүйелік әдіс ретінде қарастырады. | ON 10 ON 13 |
| PP 2 (3)305 Педагогикалық практика (үзіліссіз) - 8 апта | Педагогика пәнінің мақсаты міндеттерін, педагогика ғылымының ғылыми зерттеу әдістерін және дидактика ұғымын тұжырымдайды. Білім берудің мақсатын, міндетін, мазмұны мен әдістерін және оқытудың дидактикалық теориясын меңгереді. Білім алушыларды тәрбиелеу мен жетілдіру, оқыту мен тәрбие әдістерін іске асыру жолдарын, оқу-тәрбиелеу процесінде педагогикаға байланысты ақпарат көздерімен, озық тәжірибе мәліметтермен танысып, кәсіби қызметінде қолданады. | ON 5 ON 12 ON 13 ON 14 |
| OPP/DAF 4304 Өндірістік (педагогикалық) /дипломалды практика | Тұлға дамуының шығармашылық ерекшеліктерін ескереді. Көркемдік білім беру үдерісі субъектілерінің өзіндік дамуы және өзін-өзі жүзеге асыруы үшін әдістемелік жағдай жасай алады, дамыту қабілетін қалыптастырады. Өзіндік білім алу және өзбетінше шығармашылық деңгейін жетілдіреді. Өзінің көркем-практикалық және кәсіптік-педагогикалық қызметі нәтижелері бойынша өзінің шығармашылық әдістемесіне сүйене отырып, өзін-өзі дамыту қабілеттілігін көтереді. | ON 5 ON 12 ON 13 ON 14 |
| КОЕ 3305 Конструкторлық өнеркәсіп эстетикасы | Киімді конструкциялаудың түйреу, есептеу-графикалық, Muller & Sohn, Лин Жак, Отандық сән, халықаралық жүйе, модельдеу әдістері, пәнаралық байланыс идеяларына негізделген кәсіби білімді түсіну және интеграциялауды көрсете білу, критериялды бағалау қарастырылады. Киімді конструкциялауда және модельдеуде АКТ-ны пайдалану, жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану жолдарымен сипатталады. | ON 10 ON 13 ON 14 |
| КЕОBN 3305 Көркем еңбекке оқыту және бизнес негіздері | Көркем еңбекке оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздері туралы мәселелерді қарастырады. Педагогикалық еңбектің тиімді ұйымдастыру кезеңдерін зерттейді. Оқытудың тиімді формаларын, әдістері мен құралдарын анықтау және қолдану жолдарын, сондай-ақ студенттердің болашақ педагогикалық қызметке әдістемелік дайындығының негізін ашып көрсетеді. | ON 2 ON 6 ON 7 ON 8 |
| TZhTA 3305 Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Бұл пән барысында білім алушы кешенді педагогикалық, психологиялық әдістерді пайдалана отырып, ұжымдағы тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруға бейімделеді. Мектеп ұжымындағы сынып жетекшісінің тәрбиелік жұмыстар жүйесін жоспарлай алады. Оқушылар ұжымын тәрбиелеудің түрлі формалары мен әдістерін пайдалана алады. Мұғалімдер, ата-аналар, бала тәрбиесіндегі қоғамдық ұйымдардың іс-әрекеттерін бағыттады. | ON 3 ON 6 ON 9 ON 12 |
| КОGZN 3306 Көркем еңбекке оқытудағы ғылыми зерттеу негіздері | Болашақ мамандар ғылыми зерттеу жұмыстары барысында дидактикалық зерттеу әдістері, жалпы ғылыми таным мен шығармашылық әдіснамасы жөніндегі мағлұматтар негізінде педагогикалық зерттеу бағытын таңдайды. Зерттеу логикасын түзуде педагогикалық эксперименттерді жүргізу әдістерін, зерттеу нәтижелерін өңдеудің математикалық тәсілдермен таныса алады. | ON 1 ON 10 ON 12 |
| ОО 3306 Өндірістік оқыту | Өндірістік оқыту оқу процесінің бір бөлігі мен шебердің іс-әрекетіне нұсқау беруді қамтиды және оқушылардың оқу-жаттығуы қызметінің бөлігі болып табылады. Нұсқау мен оқу бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне ықпал етеді. Ілім ол жүйелі, оқушылардың білімді меңгерудегі мақсатты және саналы оқу еңбегі, сыртқы және ішкі жақтары бар тұжырымдау дағдыларын әзірлеу. | ON 9 ON 10 ON 11 |

| | | |
|---|--|---------------------------------|
| KZOKN 3306 Қазіргі заман өндіріс пен кәсіпкерлік негіздері | Тауарлар және қызметтерді сату, тауар өнімдерін өндіру бойынша бизнес-жоспарды түзу және техника-экономикалық негіздеу, кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі маркетинг құруды зерттейді. Заманауи бағдарламалық қамтамасыз етілген машиналар мен жабдықтарда жұмыс жасауды меңгереді; тәжірибелік жұмыстар жүргізеді; механизм бөлшектерін басқара біледі, ақауларды жөндеу немесе түзету жолдарын үйренеді; техника қауіпсіздік ережелерін сақтау жолдарын меңгереді. | ON 2 ON 8 ON 12 |
| КЕТР 4307 Көркем еңбектің технологиялық практикумы | Өнер мен қолөнерді даму тарихын және тығыз қарым-қатынасын қарастырады. Адамзаттың тарихи-мәдени тәжірибесі сәндік-қолданбалы өнердің бірнеше салаларында, оның ішінде әлем халықтарының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен танысу арқылы зерттеледі. Көркем еңбектің заңдары мен ережелерін қолдана отырып практикалық жұмыстың негізгі кезеңдерін ашып көрсетеді. | ON 11 ON 12 ON 14 |
| КЕСОА 4307 Көркем еңбек және сызуды оқыту әдістемесі | Суреттер және сызбалар тәсілдерімен танысу. Сызбаның даму тарихы туралы қысқаша мәліметтер. Сызба сызықтары, қолданбалы геометриялық тұрғызулар, жазық заттар сызбасының бейнесі, шеңберді тең бөліктерге бөлу, жұптастыру, тікбұрышты проекциялау, сызбаларды орындау, бөлшектердің эскиздері мен техникалық суреттерін жасайды. Қималар мен кималар туралы түсінік. Сызба құралдарымен және материалдармен жұмыс істеу техникасын меңгереді. | ON 11 ON 13 ON 14 |
| DON 4307 Дуальды оқыту негіздері | Дуальді оқытудың мазмұнын және үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың тарихы мен дуальді оқыту барысында жаңартылған мазмұны ашылады. Дуальді оқытудың білім беру бағдарламасының негізгі компоненттері мен принциптерін зерттейді. Дуальді оқыту жүйесінде критериялды бағалауды қолдана білу іскерліктері мен дағдылары қалыптасады. | ON 10 ON 13 |
| Ezh 4308 Этнодизайндық жобалау | Қазіргі кезең сән және киім стиліне, сұлба және қазіргі киімнің сәнді бағыттарына сипаттама. Костюм композициясы заңдылықтары мен принциптері. Түстік гамма. Сәндік элементтер. Әлемдік және отандық дизайнерлер. Қазақстандық сәнгерлердің авторлық киім топтамалары. | ON 11 ON 14 |
| КК 4308 Көркем құрастыру | Жаңа үлгідегі киім түрлерін дайындайды, киімді жобалау мен көркемдеп сәндеудің негізгі қағидалары және әдістерімен танысады, заманауи сән ағымын таңдап, зерделеп, белсенді түрде меңгеруге әрі халық дәстүрін қолдана білуді үйренеді; форманың көркемдік және конструктивтік элементтерін; киім формасының үйлестіруші құралдарын, киімді көркемдік құрастыруда образды бейнелеу негізін зерттейді | ON 11 ON 14 |
| КОТ 4308 Көркем өнер тарихы | Қоғамдық сананың көркемдік ойлау тәсіліне негізделетін үлкен бір саласы, өмір құбылыстарын бейнелеп көрсету құралы ретінде қарастырады. Көркем. өнердің сан алуан түрін дүниені эстетик. жолмен, әдеміні сезіну арқасында пайда болған нәрселер ретінде зерттейді. Дүниені көркемдік жолмен танып, оның бейнесін келтіруге ұмтылу әріден, көне заманнан басталатынын тұжырымдайды. | ON 1 ON 3 ON 12 |
| АМРZh 4309 Автотракторлар мен материалдарды пайдалану жүйесі. | Өндіріске ұсынылған, техникалық, технологиялық және экономикалық негізделген, тракторлардың барлық моделдерінің жиынымен таныстырады. Әрбір тарту күшінің класында базалық моделмен, яғни негізгі көп тараған тракторлармен қоса, базалық моделдердің қозғалтқыштарымен және басқа да құрастырылмалы бөлшектерімен сәкестендірілген, модификациялары анықталады. | ON 9 ON 10 ON 11 ON 13 |
| GD 4309 Графикалық дизайн | Бірнеше жолға тексті композиция жазады. Логотиптерді талдайды, ақпараттық технологияларда шрифтік аспаптар, трафареттер, курсивтік шрифт, эскиз және | ON 9 ON 10 |

| | | |
|---|--|---------------------------------|
| | декорациялық шрифт түрлерінің дизайнын құрастырады. Графикалық дизайн негіздерін сипаттайды. Дизайн құрастыру әдістерін жазықтықта көрсетуге үйретеді, түсіру әдістерін үлгіге алады. Құрастыру әдістерінің түрлерін центрлік проекциялау әдістерін практикада қолдана білуге дағдыланады. Бірнеше жолға тексті композиция жазады. | |
| EEAN 4309 Электротехника, электроника және автоматика негіздері | Электротехникалық және электроникалық техникалық құралдардың даму тарихы мен негізгі бағыттарын; электрондық және жартылай өткізгіш аспаптарда болатын физикалық мәні мен құбылыстарын; негізгі электрондық схемаларды құру принциптерін қарастырады. Өртүрлі жағдайларда зарядталған бөлшектердің орнын ауыстыру және концентрациясының өзгеруімен байланысты электрондық процестер мен құбылыстарды зерттейді. Түрлі электронды аппаратураны жөндеу, құрастыру және пайдалану дағдыларын меңгереді. | ON 9 ON 10 ON 11 ON 13 |
| AMMZh 4310 Автомобильдерді модельдеу, макеттеу және жобалау | Оқушыларды автомобильді модельдеу және макеттеуге үйретуге мүмкіндікті даярлау Қысқаша мазмұны: Автомобилді модельдеу және макеттеу Өндіріске ұсынылған, техникалық, технологиялық және экономикалық негізделген, тракторлардың барлық моделдерінің жиынымен таныстырады. Әрбір тарту күшінің класында базалық моделмен, яғни негізгі көп тараған тракторлармен қоса, базалық моделдердің қозғалтқыштарымен және басқа да құрастырылмалы бөлшектерімен сәкестендірілген, модификациялары анықталады. | ON 9 ON 10 ON 11 ON 13 |
| FT 4310 Flash технология | Оқытудың қазіргі кездегі ақпараттық технологиялары - қазіргі оқыту технологиясын интерактивті программалық - әдістемелік сүйемелдеумен қамтамасыз ететін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары, аспаптық программалық құралдар жиыны болып табылатынын көрсету. Векторлық графикаға бағытталған Flash - бағдарламасының негізгі өндеу құралы мультимедияның барлық негізгі элементтерін: қозғалыс, дыбыс және объектілердің интерактивтілігін пайдалануды қамтамасыз ететінін ашу. | ON 4 ON 7 ON 9 ON 10 |
| UMTT 4310 Үй мәдениеті және тұрмыстық техника | Үй мәдениеті және тұрмыстағы техника сабақтарында негізгі теориялық мәліметтермен, қаладағы және ауылдағы тұрғын үйлердің электрмен, жылумен қамтамасыздандыру элементтері туралы түсінік беріледі. Оларды пайдалану ережелері, тұрғын үйлердің сантехникалық жабдықтарын жөндеу жұмыстарын өз бітінінше қарастырылады. | ON 3 ON 9 ON 14 |
| ATU 4311 Автомобилді тасымалдауды ұйымдастыру | Тарту күшінің класында базалық моделмен, яғни негізгі көп тараған тракторлармен қоса, базалық моделдердің қозғалтқыштарымен және басқа да құрастырылмалы бөлшектерімен жұмыс істеуге машықтанады. Оларды сәйкестендіру (біркелкілендіру) кезінде тракторларды дайындау мен қолдану мүмкіндігі қарастырылады. | ON 9 ON 10 ON 11 ON 13 |
| DM 4311 3D модельдеу | 3D-модельдеу арқылы 3D кеңістіктегі полигондарды, шеттерін және шыңдарын манипуляциялау арқылы кез келген беттің немесе объектінің 3D көрінісін жасау үдерісін үйретеді. 3D модельдеуді арнайы 3D өндіріс бағдарламалық жасақтамасымен қол жеткізуге болады, ол суретшіге <u>полигональды</u> беттерді жасайды және деформациялайды, нысандарды сандық түрдегі деректер нүктелерінің жиынтығына нақты объектілерді сканерлеу арқылы қол жеткізуге көмектеседі. | ON 9 ON 10 |
| SK 4311 Сервистік қызмет | Сервистік қызмет көрсетуде - адамдардың қарым – қатынас саласы және қажеттіліктерді қанағаттандыратын стильдің дамуы және құрылуы бойынша сезінеді; заманауи ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданады; сервистік қызметтің түрін таңдап (киім, шаш, бет әрлеу; жиһаз, зергерлік бұйымдар т.б.), тәжірибеде жүзеге | ON 2 ON 6 ON 7 ON 8 |

| | | |
|---|--|-------------------------|
| | асыруда әлеуметтік топтардың өміршеңдігіне реабилитациондық бағыт берудегі қоғамдық талаптарға кәсіптенеді. | |
| TBT 4309 Тігін бұйымдарының технологиясы . | Бұл пән барысында білім алушы киімнің негізгі және қосымша бөлшектерінің өңдеу технологиясымен танысады. Тігістің түрлерін киімнің бөлшектерін өңдеуде қолданады. Киімнің негізгі (алдыңғы және артқы) бөлігін өңдейді. Киімнің қосымша бөліктерінің (жаға, жең, қалта, жең ұшының өңделуі, белдік т.б.) өңделу технологиясын іс жүзінде асырады. Әйел және балалар киімдерінің тігілу технологиясын меңгереді. | ON 10 ON 11 ON 14 |
| KBZh 4309 Қолөнер бұйымдарын жобалау | Білім беру бағдарламасының болашақ мамандарына қолөнер бұйымдарының жобалау, бұйымдардың беттерін әшекейлеу жұмыстарының қыр-сырын теориялық-практикалық білімдермен қаруландыру | ON 11 ON 14 |
| TOOT 4309 Тігін өнімдерін өңдеу технологиясы | Тігін бұйымдарын көркем өңдеу түрлері мен әдістері туралы мағлұматты қарастырады. Композиция құралдары мен тігін бұйымдарының үлгілерінің графикалық эскиздерін құру тәсілдерінің заңдары мен негізгі қағидаттарын; форманы жазықтықта және кеңістікте бейнелеу, құру заңдылықтары; көркемдік материалдар қасиеттерін; үлгінің түрлі-түсті шешімін көркем безендіру әдістерін біледі; формада түзуде шығармашылық көздерін трансформациялау әдістерін қолданады. | ON 10 ON 11 ON 14 |
| KKM 4310 Киімді құрастыру және модельдеу | Киімді құрастыру және модельдеу әдістерінің түрлері мен конструкцияларының сипаттамасын және жіктелуін білу; киімдерді жобалау негіздерін және олардың даму перспективаларын түсінеді; кәсіби қызметте киімді құрастыру мен үлгілеудің әртүрлі жүйелері мен әдістемелерін қолданады; заманауи талаптарды ескере отырып киімдердің ассортиментін талдайды және құрылымын жетілдіреді. | ON 10 ON 11 ON 14 |
| KGTO 4310 Кілем және гобелен тоқу өнері | Қазақ халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің дәстүрлі кілем тоқу өнері. Қазақстандағы қолдан кілем тоқудың тарихи шолу. Кілем кәсіпшілігі пайда болуының табиғи географиялық және экономикалық салдарлары. Түкті кілем түрлері. Кілем тоқу технологиясымен тоқылған бұйымдарының топтастырылуы | ON 11 ON 14 |
| MZh4310 Материалмен жұмыс | Әр түрлі материалда жұмыс жасауды қалыптастыру. Сән функцияларының құрылымы. Киім түрлерінің әртүрлі стильдерде бөлінуі. Киім даярлауда түстердің бір-бірімен түстік үйлесімділігі. Тоқыма материалдарының фактурасы. Маталардың беттері. Маталардың суреттері. Әртүрлі стильдерде киімдер даярлау, оның технологиялық картасын құрастыру, материалдарды өңдеу | ON 10 ON 11 ON 14 |
| AZhTD 4311 Аксессуарларды жасау технологиясы және дизайны | Студенттерді аксессуарларды костюмдермен сауатты үйлестіруге, аксессуарлар дизайнын шешуге шығармашылық тұрғыдан қарауға үйретеді. Костюмді толықтыратын түрлі заттар. Жаппай тиражбен шығарылатын және жалпы конструктивтік негізде жобаланған өнеркәсіптік бұйымдарды алуан түрлілікке мүмкіндік беретін тәсілдер игеріледі: канттар, кестелер, бау, шілтер, фурнитура, батик және т. б. | ON 10 ON 11 ON 14 |
| TST 4311 Тоқыма суретінің техникасы | Тоқыма суретінің техникасы арқылы қазіргі кезең сән және киім стиліне, сұлба және қазіргі киімнің сәнді бағыттарына этюдтер орындауға машықтанады. Костюм композициясы заңдылықтары мен принциптері. Түстік гамма. Сәндік элементтер. Әлемдік және отандық дизайнерлер. Қазақстандық сәнгерлердің авторлық киім топтамаларының жұмыстарына талдау. | ON 11 ON 14 |
| TBAZh 4311 Тігін бұйымдарын автоматты жобалау | Тігін бұйымдарын автоматты жобалау жүйесін құру негіздері. Тігін өндірісіндегі автоматты жобалау жүйесіне жалпы сипаттама. Тігін өндірісінде АЖЖ құрудың алғы шарттары. Киім өндірудегі компьютерлік технологияның рөлі. Киімнің импрессивті | ON 10 ON 11 ON 14 |

Оқу үдерісін ұйымдастыру кестесі

| Семестр | 1 семестр | 2 семестр | 3 семестр | 4 семестр | 5 семестр | 6 семестр | 7 семестр | 8 семестр | 9 семестр | Барлығы |
|-----------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|----------------|
| Теориялық оқыту | 30 кр | 30 кр | 30 кр | 30 кр | 30 кр | 30 кр | 20 кр | 20 кр | 20 кр | 240 кр |
| | 15 апта | 15 апта | 15 апта | 15 апта | 15 апта | 15 апта | 10 апта | 10 апта | | 110 апта |
| Сессия | 3 апта | 3 апта | 3 апта | 3 апта | 3 апта | 3 апта | 2 апта | 2 апта | | 22 апта |

| | | | | | | | | | | | |
|----------------------|--|---------|----------|----------|----------|----------|---------|---------|---------|----------|-----------------|
| Кәсіби практика | Оқу | | / 1 қр | | | | | | | | 1 қр |
| | Педагогикалық практика (үзіліссіз) | | | / 2 қр | / 3қр | / 3қр | | | | | 8 қр |
| | Өндірістік (педагогикалық) / дипломалды практика | | | | | | | | | 8 қр | 8қр |
| | Жалпы | | / 1 апта | / 2 апта | / 3 апта | / 3 апта | | | | 8 апта | 8 апта / 9 апта |
| Қорытынды аттестация | | | | | | | | | | 12 қр | 12 қр |
| | | | | | | | | | | 7 апта | 7 апта |
| Демалыс | | 4 апта | 12 апта | 4 апта | 12 апта | 4 апта | 12 апта | 1 апта | 1 апта | | 50 апта |
| Семестр | | 30 қр | 30 қр | 30 қр | 30 қр | 30 қр | 30 қр | 20 қр | 20 қр | 20 қр | 240 қр |
| | | 22 апта | 30 апта | 22 апта | 30 апта | 22 апта | 30 апта | 13 апта | 13 апта | 15 апта | 197апта |
| Оқу жылы | | 60 қр | | 60 қр | | 60 қр | | 60 қр | | 240 қр | |
| | | 52 апта | | 52 апта | | 52 апта | | 41апта | | 197 апта | |

2.2. Оқытудың әдістері мен құралдары

Технологиялық карта

| № | Құзыреттер | Оқыту формалары | Оқытушы әрекеті (әдісі) | Білім алушы әрекеті (әдісі) | Бақылау формалары | Менгеру нәтижесі |
|---|----------------------------------|--|---|--|---|---|
| 1 | КҚ 1; КҚ 2; КҚ 3; КҚ 4; | 1. Лекция. 2. Семинар. 3. Курстық жұмыс бойынша семинар. | 1. Кеңес беру. 2. Практикалық сабақтар. 3. Мастер класс. 4. Өндірістік жұмыстар. | 1. IT әдісі; кітапханадан, Интернет желісіндегі материалдарды іздеу. | 1. Тест (психологиялық тест). 2. Емтихан. 3. Презентация. | Білім: - білу; - түсіну; - қолдану; |

| | | | | | | |
|--|----------------------------------|--|--|--|--|--|
| | КҚ 5; КҚ 6; КҚ 7; КҚ 8; | 4. Практикалық курс бойынша семинар. 5. Практикалық жұмыстар. 6. Оқытушы басшылығымен жұмыс. 7. Өзіндік жұмыс. 8. Өндірістік практика. 9. Тәжірибелік зерттеулер. 10. Жоба бойынша жұмыстар. | | 2.Әдебиеттерді шолу. 3. Кәсіби дағдыларға жаттығу. 4. Қажетті зерттеулер жүргізу және эссе, т.б. жазу. | 4. Талдау (мәтінді және басқа да мәліметтерді). 5. Эссе. 6. Практика тапсырмалар 7. Жұмыс нәтижелерін қорғау. | - талдау; - бағалау; - жинақтау. |
|--|----------------------------------|--|--|--|--|--|

3. Оқыту нәтижелерін бағалау

3.1. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

| Деңгейлер | Критерийлер | | | | |
|---------------|---|---|---|--|--|
| | 90-100 (А; А-) | 70-89 (В+; В; В-;С+) | 50-69 (С;С-; D+; D-) | FX(25-49) | F (0-24) |
| Білу | білім алушы меңгерілген оқу материалдарын есте сақтағанын және оны қайта айтып беретінін көрсетеді. | білім алушы меңгерілген оқу материалдарын есте сақтағанын толықтай көрсете алмайды. | білім алушы меңгерілген оқу материалдарын шектеулі есте сақтағанын көрсетеді. | білім алушы меңгерілген оқу материалдарын өте аз мөлшерде есте сақтағанын көрсетеді. | білім алушы меңгерілген оқу материалдарын мүлде есте сақтамағанын көрсетеді. |
| Түсіну | білім алушы оқу материалдарын толық түсінгендігін көрсетеді. | білім алушы оқу материалдарын аз мөлшерде түсінгендігін көрсетеді. | білім алушы оқу материалдарын шектеулі/жартылай түсінгендігі | білім алушы оқу материалдарын толықтай түсінбегендігі туралы | білім алушы оқу материалдарын мүлде түсінбегендігі туралы |

| | | | | | |
|------------------|---|--|--|---|--|
| | | | туралы мағлұмат береді. | мағлұмат береді. | мағлұмат береді. |
| Қолдану | оқу материалын түсінумен оны жаңа жағдаяттарда пайдалануды толық көрсетеді. | оқу материалын түсінумен жаңа жағдаяттарда оны толық пайдалана алмайтынын көрсетеді. | оқу материалын шектеулі/шала түсінумен жаңа жағдаяттарда оны толық пайдалана алмайтынын көрсетеді. | оқу материалын шектеулі түсінумен оны жаңа жағдаяттарда толықтай пайдалана алмайтынын көрсетеді. | оқу материалын оны жаңа жағдаяттарда мүлдем пайдалана алмайтынын көрсетеді. |
| Талдау | оқу материалын/тапсырманы талдауды толық көрсете алады (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.) | оқу материалын/тапсырманы аз ғана қателіктермен талдай алатынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.) | оқу материалын/тапсырманы шектеулі/жартылай талдай алатынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.) | оқу материалын/тапсырманы толықтай талдай алмайтынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.) | оқу материалын/тапсырманы мүлдем талдай алмайтынын көрсетеді. |
| Бағалау | оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан толықтай бағалауды көрсетеді. | оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан аз ғана қателіктермен бағалай алатынын көрсетеді. | оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан шектеулі/жартылай бағалай алатынын көрсетеді. | оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан толықтай бағалай алмайтынын көрсетеді. | оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан мүлдем бағалай алмайтынын көрсетеді. |
| Құрастыру | оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) құрастыруды толық көрсетеді. | оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) аз ғана қателіктермен құрастыра алатынын көрсетеді. | оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) шектеулі/жартылай құрастыратынын көрсетеді. | оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) толықтай құрастыра алмайтынын көрсетеді. | оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын мүлдем құрастыра алмайтынын көрсетеді. |

3.2. Оқыту нәтижелерін бағалаудың жалпы ережелері

3.2. Оқыту нәтижелерін бағалаудың жалпы ережелері

1. Әр пәнді (модульді) оқыту барысында меңгерілуі тиіс құзыреттерге қатысты соңғы нәтижелері пән оқытушысы тарапынан семестр бойы жүйелі түрде бақыланып, бағаланып отырады. Ол үшін кафедра меңгерушісі, пән координаторы/оқытушысы тараптарынан алдын-ала келесі шаралар жүзеге асырылады:

1.1 Пәннің мақсаты мен міндеттеріне оқыту формаларына, оқытудың соңғы нәтижелері және меңгерілуі тиіс құзыреттердің ерекшеліктеріне қарай оқытушы мен білім алушының элементтері, оқыту әдістері және ағымдық бақылау формалары тандалады, пән силлабусында көрсетіледі.

1.2 Таңдалған бақылау формаларының пәнге қатысты маңыздылықтары ескеріле отырып семестрге тиесілі 100 балдық ұпай бақылау формаларына (теңдей бөлінуі шарт емес) бөлінеді, пән силлабусында көрсетіледі.

1.3 Әр бақылау формасының семестр бойы қайталану саны (күнделікті, әр аптада, семестрде 1, 2 немесе 3 рет т.б.) анықталады және формаға тиесілі ұпай біркелкі бөлінеді, пән силлабусында көрсетіледі.

2. Семестр барысында кафедра меңгерушісі, пән координаторы/оқытушысы тараптарынан келесі шаралар жүзеге асырылады:

2.1 Білім алушылардың бақылау формалары талаптарын семестр бойы жүйелі түрде орындауы ұйымдастырылады және орындау нәтижелері өз уақытында бағаланып отырады.

2.2 Жеке алынған бақылаудың бағасы 1.3 бапта көрсетілген ұпайдан артық бола алмайды және міндетті түрде орындалған жұмыс/ меңгерілген құзырет деңгейіне байланысты максимал ұпайдың сәйкес бөлігін құрайды.

2.3 Пәндер бойынша бақылау нәтижелері әр апта сайын білім алушымен, семестріне екі рет кафедра мәжілісінде және факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, білім беру сапасын жақсарту шаралары қабылданады.

2.4 Семестр соңында білім алушының пән ішіндегі бақылау формаларының барлығы бойынша жиынтық ұпайы анықталып, университеттің “Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі” талаптарына сәйкес аралық аттестацияға жіберу/жібермеу жайлы шешім қабылданады.

2.5 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "A"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") балдармен бағаланады.

2.6 "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модулдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие.

2.7 "F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады. ["Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы.

2.8 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің тәртібін ЖОО өзінің академиялық саясатына және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкілі және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша белгіленеді.

2.9 Тілдер бойынша (шет тілі, қазақ, орыс) білім алушылардың оқудағы жетістіктері бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS (иситиэс) дәстүрлі бағалар шәкілене сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Тілді меңгеру деңгейі жалпыеуропалық шет тілді меңгерудің құзыретіне (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес болады.

2.10 Білім алушы ЖОО-дан келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

1) академиялық үлгермеушілігі;

- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖОО жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- 5) өз еркімен.

2.11 Білім алушы аралық аттестаттау кезінде оқу пәні (модуль) бойынша емтиханды екі реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі.

Үшінші рет "қанағаттанарлықсыз" бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағасын алғанда, білім алушы қаншалықты "қанағаттанарлықсыз" бағасын алуына қарамастан ЖОО-дан оқудан шығарылады және осы пәнге қайтадан жазылу мүмкіндігінен айырылады. Бұл ретте, білім алушы өз қалауынша басқа ЖОО-ға және (немесе) басқа білім беру бағдарламаға ауысады. Білім алушы өз қалауынша жалпы білім беретін пәндер циклінен басқа, "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған пәні мазмұнында болмайтын басқа білім беру бағдарламасына ауысады. ЖОО-дан оқудан шығарылған білім алушыға ЖОО бірінші басшысы қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт беріледі. Транскрипте білім алушы игерген барлық оқу пәндері және (немесе) қорытынды бақылау (емтихан) бойынша барлық алынған бағалар, оның ішінде "қанағаттанарлықсыз" бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағалары міндетті түрде жазылады. [Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

КЕЛІСУ, САРАПТАУ ПАРАҒЫ

Білім беру бағдарламасы мәжілістерде қаралып, бекітуге ұсынылды.

«Математика және Информатика» кафедрасының мәжілісінде талқыланды. Хаттама № 7 «20» 02 2023ж.

Кафедра меңгерушісі [Signature] Ш.К.Утебаева

«Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, қаралды. Хаттама № 7 «21» 02 2023 ж.

Факультет деканы [Signature] Б.М.Шыңғысбаев

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралды. Хаттама № 7 «21» 02 2023ж.

Кеңес төрайымы [Signature] А.А.Керимбекова

Сарапшылар

| № | Аты-жөні, тегі | Қызметі |
|---|--------------------------------|---|
| 1 | Бүркітбаев Талгат Сағындыкович | М.Әуезов атындағы ОҚУ «Мәдениет және Өнер» факультетінің доценті |
| 2 | Раева Айгоз Тилеубаевна | «Саттар Ерубаяев атындағы №24 ІТ мектеп лицейі» директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары |

